

Павлодар қалалық мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету Қағидасын" бекіту туралы" N 62/32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы (III сайланған XXIII кезектен тыс сессия)

Күшін жойған

Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 47/23 шешімі. Павлодар қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 4 мамырда N 69 тіркелді . Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 148/7 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қарым-қатынастары туралы" Заңының 97 бабы 2 тармағына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы мәслихатының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету Қағидасын" бекіту туралы" N 62/32 шешіміне (II сайланған XXXII сессия) (2003 жылғы 15 тамыздағы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1999 болып тіркелген, 2003 жылғы 23 тамыздағы N 96 " Сарыарқа самалы", 2004 жылғы 17 наурыздағы N 11 "Версия" газеттерінде жарияланған, 2004 жылғы 30 маусымдағы N 72/8, 2004 жылғы 22 қазандағы N 100/9, 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 78/15 енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен), "Павлодар қаласы бюджетінен аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну төлемақысы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын көрсету қағидасына" төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

"13 тармақ төмендегідей редакцияда жазылсын:

"Бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтер, үй) бар немесе үй-жайды жалға (жалдау) беретін, сондай-ақ оларға тиісті жылжымайтын мүлікті кепілдікке қойып , банк мекемелеріне несиені алу үшін барған тұлғалардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқығы жоқ";

14 тармақ төмендегідей редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысын алуға:

жалғыз басты және жалғыз тұратын зейнеткерлердің, жан басына шаққандағы орташа табысы базалық зейнетақы есебімен 13 айлық есептік көрсеткішінен аспайтын зейнеткерлер санынан отбасы жұптарының;

жалғыз басты және жалғыз тұратын 1, 2, 3 топ мүгедектерінің;

16 жасқа дейін балалары бар мүгедектер отбасыларының;

жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінен төмен, өзінің құрамында бір айдан астам уақыт стационарлық емделуде болған еңбекке жарамды, туберкулезбен, онкологиялық аурулармен науқас тұлғалары, оқушылар мен студенттер, магистратура мен аспирантураны қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқитын тыңдаушылар мен курсанттар, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтары, жүкті әйелдері, осы себеп бойынша жұмыспен қамтудың уәкілетті органдарындағы есептен шығарылғандары, мүгедек-балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтары бар аз қамтамасыз етілген отбасыларының;

табысы күн көріс минимумынан төмен жұмыспен қамтудың уәкілетті органында тіркелмеген жұмыс істемейтін (ерлер 58 жастан бастап, әйелдер 53 жастан бастап) тұлғалардың құқығы бар".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Қалалық мәслихатының хатшысы